



# Жалағаш ЖАРШЫСЫ



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Президент

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық референдум барысында жүргізілген экзит-полл қорытындысымен танысты. «Қазмедиа орталығының» студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.



— Бүгін — Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отаншылдық болашағын ойлап дауыс берді. Бұл — өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтып келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмән жоқ. Өйткені бұл — азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды — Конституция күні, яғни еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жанару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл — біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталған. Мұны еліміздің және шетелдік байқаушылары да айтып отыр.

— Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің көрме-

тілігін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл — өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күман жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі өлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты — бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасам-

паздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция — еліміздің темирқазығы.

— Жаңа Конституция — Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата заңымыз — адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз

түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркеніетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған көміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естілді. Өрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз — Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Мәжіліс

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Жиында кент және ауылдық округтерде жүргізіліп жатқан көктемгі санитарлық-тазалық, көркейту-кеғалдандыру жұмыстары қаралды.

## Тазалық жұмыстарында жауапкершілік ортақ



Мәжілісте аудан әкімі жауапты сала басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне тазалық шараларын тұрақты түрде ұйымдастырып, көшелер мен қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз ету, аяқсу арналарын аршу жұмыстарын сапалы жүргізу қажеттігін айтты. Сонымен қатар мекеме ғимараттарының сыртқы келбетін ретке келтіру, ағаш отырғызу және кеғалдандыру жұмыстарын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Санитарлық-тазалық, көркейту-кеғалдандыру жұмыстарына салғырт қарауға болмайды. Керісінше мұндай шараларда белсенділік қажет. Тазалық жұмыстары тек аудан орталығында ғана емес, ауылдық елді мекендерде де қарқынды әрі сапалы жүргізілуі тиіс. Жауапты азаматтардан осы бағыттағы жұмыстардың сапасы сұралады. Тазалық жұмыстарында жауапкершілік те ортақ, — деді аудан әкімі.

Айта кетейік, соңғы жылдары ауданда санитарлық-тазалық жұмыстары қарқынды жүрді. Осыған дейін тек мекеме қызметкерлері ғана мұндай шараларда төбе көрсетсе, бүгінде жергілікті тұрғындар да сенімділік белсенділік танытуда. Бұл жалағаштықтардың туған жердің түлеуіне тамшыдай болсын үлес қосу ортақ парыз екенін түйгенін білдірсе керек.

Жиын қорытындысында күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов «Харвест Агро Холдинг» ЖШС жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобамен танысып, инвесторлармен бірге егін алқаптарын аралап көрді. Кездесуде «Харвест Агро Холдинг» ЖШС-ның бас директоры Дәулет Увашев пен компания өкілдері жобаның бірінші кезеңіне дайындық жұмыстарын таныстырып, алдағы жоспарланған шаралар туралы баяндады.

## Инвестициялық жобамен танысты



Облыс әкімінің шетелдік ірі инвесторлармен жасалған меморандумы аясында қолға алынған бұл жоба аудан экономикасының дамуына елеулі серпін бермек. Жоба шеңберінде техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру мен оларды қайта өңдеуге бағытталған агроиндустриялық кластер құру көзделген.

Жоба екі кезең бойынша іске асырылуда. Бірінші кезең 2026 жылға, ал екінші кезең 2027 жылға жоспарланған. Жобаның өндірістік қуаттылығы жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері дәні және 20 мың тонна соя өндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жоба аясында жылына 60 мың тонна шикізатты өңдейтін май сығу зауытын іске қосу жоспарлануда. Жоба толық жүзеге асқан жағдайда 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Аудан әкімі жобаға қажетті қолдау және сүйемелдеу шаралары жалғасатынын атап өтті. Сондай-ақ мұндай ірі инвестициялық бастамалар ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып, аудан экономикасының дамуына оң ықпал ететінін жеткізді.

Айта кетейік, «Харвест Агро Холдинг» ЖШС — агроөнеркәсіптік кешен саласында жұмыс істейтін еліміздегі ірі компанияның бірі. Компания Қазақстанда және шет елдерде егін шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағытында ауқымды жобаларды жүзеге асырып келеді.

«ЖЖ» ақпарат

## Ұлттық құндылықтар ұлықталды

Ұлыстың ұлы күні

Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған Наурызнама онкүндігі биыл 14-23 наурыз аралығында аталып өтуде. Бұл күндері ұлттық салт-дәстүрлер дәріптеліп, өскелең ұрпаққа халқымыздың рухани құндылықтары кеңінен насихатталады. Осы ретте аудан орталығындағы алаңда 14 наурыз — Көрісу күні, Амал мерекесіне арналған мерекелік шара ерекше сән-салтанатпен өтті. Шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, тұрғындарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.



— Амал мерекесі — Эз-Наурыздың жарқын бастауы, көктемнің келіп, табиғаттың қайта түлеп, тіршіліктің жаңаруын айшықтайтын ерекше күн. Бұл — халқымыздың бір-біріне амандық тілеп, өкпе-реңішті ұмытып, бауырмалдықты дәріптейтін тағылымы терең мереке. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ықылым заманнан бері бабаларымыз бұл күнді «Амал келді, жыл келді» деп ерекше қуанышпен қарсы алған. Дәстүр бойынша қыстан аман шыққан жұрт төс қағысып көріскен. Елдің пен ынтымаққа шақыратын бұл мейрам — ұлттымыздың бауырмалдық салтының жарқын көрінісі, — деді аудан әкімі.

Ардақ Ибраимов жиналған жұртқа амандық, құт-бәреке, молшылық тілеп, бірлігіміз бекем, ынтымағымыз берік болсын деген ізгі тілегін жеткізді. Мерекелік шарада үлкендер дәстүрге сай төс қағысып көрісіп, жастар алтыбақан тәуіп, жиналған қауымға Наурыз көжеден дәм ұсынылды. Сонымен қатар ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, аудан әкімі

тұрғындармен бірге көрмені аралап көрді. Жалағаш топырағында өткен мерекелік шара шынайы ұлттық нақышымен ерекшеленді. Әсем ән әуелеп, мың бұралған бишілердің өнері көпшіліктің көңілін көтеріп, думанды көштің шырайын аша түсті. Ақ кимешек киген апалар да ұлттық дәстүрдің көрінісін паш етті. Қолдарына ағаш піспекті қос қолдап ұстап, айран пісудің ежелгі әдебин көрсетті. Күбіннің ішіндегі айран пісілген сайын піспекі жоғары көтеріліп, қайтадан төмен түсіп, ырақпен қозғалған сайын сыңғырлаған үн шығып тұрғандай әсер қалдырды. Күшпен төмен басылған күбі сабы қайта көтерілген сәтте ғана бір сәт тыныс алғандай, қайтадан жедел қимылға көшеді. Апалардың қимылы да бір-бірімен үйлесіп, бір сәтке ұлттық тұрмыстың тіршілігін көз алдымызға әкелгендей болды.

Енді бір қапталда білегіндегі күш бойына жарасып, қол діірменді ұршықша айналдырып әжей отыр. Уақыттың талай сынынан өткен оның қолындағы қайрат өлі де қайпаған. Діірменнің дөңгелегі баяу ырақпен

айналып, дөңді ұнға айналдырып жатыр. Одан әрі мереке аясында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізіліп, мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

Наурызнама онкүндігінің екінші күні Жалағаш ауданында «Наурыз шапағаты» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Ізгі шараның басты мақсаты — мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп, қоғамда мейірім мен жанашырлық құндылықтарын дәріптеу. Наурыз мейрамы қарсаңында ұйымдастырылған акция аясында әлеуметтік осал топтағы азаматтарға қолдау көрсетіліп, қайырымдылық шаралары өткізілді. Бұл бастама қоғамдағы өзара көмек пен жанашырлық мәдениетін нығайтып, адамдар арасындағы бауырмалдық пен ізгілікке жол ашатын маңызды қадам болды.

Көптеген шаңырақ бір емес, бірнеше баланы асырап алып, оларға мейірім мен жылу сыйлады. Қиындыққа қарамастан, халқымыз өзгенің қайғысына бірге көтеріп, қайырымдылық пен бауырмалдықтың жарқын үлгісін көрсете білді.

Қайырымдылық — халқымыздың сан ғасырлық тарихынан тамыр тартқан асыл қасиет. Десе де қазақ халқы ежелден «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп мұқтаждарға қол ұшын созуды азаматтық борыш санаған.

Жалғасы 4 бетте

## Бәрекеді! Референдум: Сыр жұрты көш бастады

Елдік мүддеге Сыр елі қашанда бейжай қарамайды. Бұған көшегі референдумда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Осыған дейінгі саяси науқандарда белсенділік танытқан қызылордалықтар өткен жексенбіде таң атысымен дауыс беру учаскелеріне асықты. Мақсат айтпаса да түсінікті, өйткені осыған дейін Ата заңымызға ауқымды өзгеріс енетіні айтылды және оны халықтың өз таңдауына салды. Тіпті Ата заңның жаңа жобасы бұған дейін БАҚ құралдарында жарияланды. Маңызды құжатты саралаған сырбайлықтар апта соңында өз таңдауын жасады.

Облыс орталығында, аудандарда орналасқан қай дауыс беру учаскесін алып қарасақ та, қызылордалықтардың бұл саяси науқанда белсенді болғанын аңғару қиын емес. Қай уақытта болсын референдумға келушілердің қатары сиремеді, керісінше еселеніп отырды. Олардың қатарында он сегізге қадам басқан жас дауыс берушілер, гасыр жасаған қариялар да болды. Тіпті дауыс беру учаскесіне бара алмаса да, үйінен үн қосқан қазыналы қарттардың көшегі өнегелі ісі бізге, жас буынға үлгі болуы тиіс.

Иә, бірлікті ту өткен Сыр жұрты соңғы жылдары ымырамен іс қылудың арқасында оң нәтижелерге қадам басып келеді. Қазір сол ауызбіршіліктің арқасында аймақта атқарылған жұмыстарды тізе берсек, танды таңға жалғап жазатын дүние баршылық. Бастысы, сол сабақтастық үзілмей келеді. Көшегі референдум қорытындысымен де Қызылорда облысы аймақтар бойынша көш бағына жайғасты.

Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты референдумда Қызылорда облысы тұрғындарының 93,04 пайызы дауыс беріп, республикада бірінші орынға шықты. Маңызды саяси науқанда қазақстандықтардың 73,24 пайызы өз таңдауын жасаған. Орталық референдум комиссиясының мәліметіне сүйенсек, жексенбі күні сағат 20:00-дегі жағдай бойынша 9 126 850 азамат дауыс берген.

Айта кетейік, облыс бойынша жексенбіде 378 референдум учаскесі дауыс берушілерге қызмет етті. Келушілерге ыңғайлы болу үшін 179 онлайн сервис, уақытша тіркеу қызметін атқаратын 5 онлайн учаске іске қосылды.



Азаматтар өз учаскесін 4 платформа арқылы анықтады. «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасындағы <https://referendum.org.kz> сайты және арнайы телеграм боты үздіксіз жұмыс істеді.

Азаматтар сайтқа кіріп, өз учаскесі, референдум комиссиясының мекен-жайы, байланыс деректері және комиссия мүшелерінің құрамы туралы ақпарат алды. Сондай-ақ 109 қызметінің диспетчерлері де барлық сауалды жауапсыз қалдырмады.

— Ата заң — біздің басты байлығымыз. Сондықтан оған үн қоспау баршамызға сын болады. Мұны Сыр елі, жерлестерім жақсы біледі. Бұл сөзімді көшегі саяси науқанды олардың белсенді болғаны куаттайды. Бұл заңдылық ел есептеймін. Өйткені біз үшін маңызды құжатқа қатысты таңдау мүмкіндігі өзімізге беріліп отыр. Мемлекетімізге кішкене болса да құрметі бар кез келген адам одан тыс қалмайды деп есептеймін. Жалпы қызылордалықтар осындай пікірде. Олай болмаса, көшегі референдумға басым бөлігі қатыспайтын еді. Міне, мен осы тұрғыда жерлестеріммен мақтанамын. Таң атысымен өзім де дауыс беруге асығып келдім. Өйткені Ата заңның жаңа жобасымен осыған дейін танысқан болатынмын. Мұндай өзгерістен кейін ел дамуынан үлкен үміт күтемін, — дейді дауыс беруші Нұрғұл Сейітқазықызы.

Қала тұрғыны бұған дейінгі саяси науқанның ешқайсысынан шет қалмаған. Сондықтан көшегі референдумға қатысты оның пайымды пікірін дұрыс деп түйдік. Расында оның ел болашағына бейжай қарамайтыны анық байқалады. Көшегі референдумға келушілер ішінде қарапайым халық та, қызметкерлер де, әр саланың өкілдері, кәсіпкерлер,

шаруашылық торағалары, еңбек адамдары, бәрі-бәрі болды. Мәселен, еңбекпен еңсе тіктеген Нағи Ілясов ауылында қарапайым еңбек адамдары бір уақытта дауыс беру учаскесіне келіп, өз таңдауын жасады. Туған жерін түлеткен Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев та ауылында орналасқан референдум учаскесінде дауыс берді.

— Бүгін еліміз үшін маңызды зор, тарихқа толы ерекше күн болды. Конституцияға енгізілетін өзгерістерге байланысты өткен республикалық референдумда әр азамат өз таңдауын жасап, ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Біз де Таң ауылдық округіндегі №136 референдум учаскесіне барып, азаматтық борышымызды орындадық. Референдум — тек дауыс беру ғана емес, елдің ертеніне деген сенімнің, бірліктің және жауапкершіліктің айқын көрінісі. Әрбір азамат туған жерінің, өз ауылының, мемлекетінің болашағына тамшыдай болса да үлес қосамын деген түсінікпен дұрыс таңдау жасады деп есептеймін. Айтулы күні Сыр өңірінің халқы тағы да ауызбіршілік пен ұйымшылдықтың жарқын үлгісін көрсетті. Бұл — біздің өңір тұрғындарының ел болашағына жауапкершілікпен қарайтынын, мемлекетіміздің дамуына шынайы үлес қосуға дайын екенін білдіреді. Сыр жұрты қашанда елдік мүдде жолында бірлік танытып келеді. Бүгінгі маңызды саяси науқан да сол татулық пен сенімнің айқын дәлелі болды. Науқанның жоғары деңгейде ұйымдастырылуы өңір басшылығының халықты ұйыстырып, елмен бірге еңбек етуінің нәтижесі деп білемін. Алдағы уақытта да еліміздің дамуына бағытталған игі бастамалар жалғасын таба берсін. Әр шаңыраққа бөреке, елімізге тыныштық, жұртымызға амандық тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, — деді Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев.

Иә, бірлік бар жерде тірлік болатынын Сыр жұрты жақсы біледі. Әсіресе көшегідей Қазақстанның болашағында өзіңдік мәні бар саяси науқанда олардың белсенді болуы бұл сөзімізді куаттайды. Ата заңға енгізілген өзгерістерден үміт көп, өйткені бұл өзгеріс әділетті, қуатты мемлекет құрудың баспалдағы деп білеміз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Мәжіліс

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Оған мектеп директорлары мен білім бөлімінің мамандары қатысты. Күн тәртібінде 3 мәселе қаралып, көрсеткіштер талданды. Атап айтқанда, психологиялық қызмет пен тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар, ҰБТ-ға дайындық барысына талдау, қаңтар айында өткізілген ҰБТ қорытындысы, сондай-ақ бірқатар білім ошағына жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысы және 2-5 сыныптар бойынша алынған бақылау нәтижелері қаралды.

## Мақсат-міндеттер айқындалды



Айта кетейік, Жалағаш ауданы соңғы жылдары білім саласы бойынша оң нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Әлбетте, түбін түртсең, арғы бастауында мемлекеттік қолдау бас себеп болғанын аңғару қиын емес. Бірақ соны бөсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға бағытталған ұстаздар қауымының да еңбегі ерен.

2024-2025 оқу жылында ауданда 450 түлек мектеп бітірген. Олардың 388-і, яғни 87,2 пайызы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Орташа балл — 84,1. Дәл осы оқу жылында 16 оқушы «Алтын белгі» қорғады. Оқушылардың алды 133 балл жинады. Оның иесі — кент орталығындағы №201 мектеп-лицейінің түлегі Жанель Сүлеймен.

Жалпы 2024-2025 оқу жылында түлектер 100 пайызы жоғары және арнаулы оқу орындарымен қамтылды. Олардың 378-і еліміздегі жоғары оқу орындарына түссе, 71-і арнаулы оқу орнымен қамтылған. Жалпы түлектердің 283-і мемлекеттік грант жеңіп алды.

Был 467 оқушы алтын ұясымен қоштасады. Олар жыл басынан бері ай сайын сынама тест тапсыруда. Мәселен, қаңтар, ақпан айларында 440 оқушы қатысқан. Орташа балл — 78,2. Ең жоғары балл — Еңбек ауылындағы Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектеп түлегі Альфия Балханнның еңішінде. Ізденімпаз оқушы сынама тестте 136 балл жинаған.

Күн тәртібіндегі мәселелердің маңыздылығына тоқталған білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы ҰБТ көрсеткіштері мен «Алтын белгі» үміткерлерінің білім нәтижелері бойынша әр пәнге жүргізілген саралау жұмыстарын атап өтті. Сонымен қатар көрсеткіш төмен мектептерде білім сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін қаперге салды.

— Бізде бір ғана мақсат бар, бөсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру жолында балаларға сапалы білім беріміз керек. Әлбетте, бұл ретте мұғалімдерге де қосымша ізденіс керек. Қайтсек зейінді, білімді ұрпақ қалыптастырамыз? Осы сауалдың түйінін тарқату үшін нәтижелі еңбек етуіміз керек. Шынында, соңғы жылдары ауданымыз бұл салада жоғары жетістікке қол жеткізіп келеді. ҰБТ қорытындысы болсын, білім олимпиадалары болсын жетістігіміз көп. Бірақ оған тоқ-мәйісуден ада болыңыздар. Мейлінше жас ұрпақтың бойына сапалы білім сіңіруге аяндай еңбек етуге тиіспіз, — деді аудандық бас ұстазы.

Иә, талап қатты, олай етпесе тағы болмайды. Өйткені мемлекеттің болашағы бөсекеге қабілетті ұрпақтың келешегімен тығыз байланысты. Талғат Құрақбайұлының әріптестеріне жоғары талап қоюы да сондықтан. Мәжілісте аудандағы 2-5 сыныптар бойынша алынған жазба, бақылау және тест жұмыстарының нәтижелері жан-жақты талқыланып, оқу сапасын көтеру бағытында мектеп басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Жалпы ауданның бас ұстазы айтқан әрбір бастамаға алып-қосарымыз жоқ, тіпті әрбір ұсынысын қос қолдап қолдаймыз. Оның әр тапсырмасының түпкі мақсаты бөсекеге қабілетті, білімді ұрпақ қалыптастыруға негізделген. Бұл тұрғыда өзі айтқандай, нәтижелі жұмыс та жоқ емес. Тек онымен шектелмей керек.

2024-2025 оқу жылында ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 162 оқушы қатысқан. 81 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңнің қорытындысымен 15 оқушы республикалық кезеңге өтті. 2024 жылдың желтоқсан айында Астана қаласында ауыл мектептерінің 9-11 (12) сынып оқушылары арасында республикалық олимпиада өтті. Республикалық кезеңге Жалағаш ауданынан 15 оқушы қатысып, 12 оқушы жүлделі орынға ие болды. Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі «Үздік ауыл мектебі» номинациясын жеңіп алды.

Бұл сайыста 3 оқушы 1-орын және алтын медаль, 5 оқушы 2-орын және күміс медаль, 4 оқушы 3-орын мен қола медаль иеленді. Әл-Фараби атындағы 201 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Азамат Тұрсынбек Сүлеймен Демірел атындағы университеттің білім грантын жеңіп алды. Ал дәл осы білім ошағының 10-сынып оқушысы Айтжан Тұрсынбек, 32 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Мұхамед Жайна О. Жауітқов атындағы республикалық физика-математика мекебінде тегін оқуға жолдама алды.

Былыр аталған білім сайысының аудандық кезеңіне 513 оқушы қатысқан еді. 106 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды. Жалағаштық 22 оқушы республикалық кезеңге қатысты. Республикалық кезеңде 3 оқушы 1-орын мен алтын медаль, 2 оқушы 2-орын және күміс медаль, 3 оқушы 3-орын және қола медальға ие болды. 6 оқушы алғыс хатпен марапатталды.

Ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша Жалағаш ауданының оқушылары жеңіс төрінен көрінді. Аталған білім додасы былыр 9-13 желтоқсан аралығында Астана қаласында ұйымдастырылған болатын. Командалық есепте Қызылорда облысы жоғары нәтиже көрсетіп, жалпы есепте II орынды иеленді. Бұл өңірдегі ауыл мектептерінде білім сапасының артып келе жатқанын білдіреді.

Олимпиадаға Жалағаш ауданынан қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша 7 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлделі орынға ие болды. Атап айтсақ, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Рабия Қодар көш бастады. Сондай-ақ дәл осы білім ошағының 10-сынып оқушысы Ернур Арғын да дараланды. Ал әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Арнұр Нұрлыбекұлы үздік үштікті түйіндеді.

Жалпы жалағаштық оқушылардың салада жетістігі де, жеңісі де аз емес. Бастысы, сол дәстүрдің жалғасын табуы қуантады. Мәжіліс соңында білім басшысы Талғат Құрақбайұлы осындай жеңісті еселеуге негізделген нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуы қатаң бақылауда болатынын жеткізді.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ

## Жалағаштықтар өз таңдауын жасады

Өткен жексенбіде Жалағаш ауданындағы 23 референдум учаскесі таңғы сағат жетіден бастап өз жұмысын бастады. Таң сәріден-ақ тұрғындар белсенділік танытып, ел болашағы үшін азаматтық таңдауын жасауға ағылды. Бұл маңызды шарадан көбісі тыс қалған жоқ. Кәмелеттік жасқа енді ғана қадам басқан жалынды жастардан бастап, өмірдің талай белесін артта қалдырған 95 жастағы қарияға дейін дауыс беріп, ел ертеніне бейжай қарамайтынын көрсетті. Аудан жұрты болашаққа жауапкершілікпен қарап, ортақ тағдырға деген жанашырлығын білдірді.



Жалпыхалықтық референдум аясында Аққум ауылдық округіндегі №147 референдум учаскесінде де тұрғындар ерекше белсенділік танытты. Таңмен таласа келген ауыл тұрғындары ел болашағы алдындағы азаматтық борышын орындады. Референдум учаскесіне дауыс беруге келгендердің қатарында таң ардагері, ауылдың қадірлі анасы, ел ішінде сый-құрметке ие Шарқұл Шумеева апамыз да болды. Шарқұл апа бұл күні өз отбасы мүшелерімен бірге келіп, референдумда дауыс беріп, азаматтық борышын абыроймен атқарды. Ел тағдырына бейжай қарамайтын ардақты ана өз таңдауын жасап қана қоймай, кейінгі буынға өнеге көрсетті. Өз сөзінде Шарқұл апа мемлекетіміздің болашағы әрбір азаматтың белсенділігіне тікелей байланысты екенін айтып, барша ауыл тұрғынын қоғамдық-саяси маңызды зор науқандан шет қалмауына шақырды. Сондай-ақ елдің тұрақтылығы мен өркендеуі үшін әрбір азаматтың өз пікірін білдіру маңызды екенін ерекше атап өтті.

Учаскелер маңында мерекелік көңіл күй қалыптасты, тұрғындар Наурыз көже таратылып, ұлттық ойындар мен спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Бұл көріністер ел ішіндегі бірлік пен татулықтың, ортақ мүддеге деген ынтымақтың айғағындай әсер қалдырды. Халықтың жүзінен шаттық пен сүйеніс сөзіліп, жалпыхалықтық маңызды күннің рухы айрықша байқалды.

Айта кетейік, Жалағаш ауданының тұрғындары — қайырымдылық шараларынан қалыс қалмайтын, қоғамдық игілікке үлес қосуды азаматтық парызы санайтын жандар. Қоғамға пайдасын тигізуді көздейтін үлкен жүректі азаматтардың қатары жыл сайын артып келеді. Бүгінгі референдум аясында да осы игі дәстүр жалғасын тауып, Жалағаш көн-

тінде қоғамдық көліктер тұрғындарға тегін қызмет көрсетті. Бұл бастама халықтың саяси науқанда көдергісіз қатысуына мүмкіндік жасап, жұрттың ризашылығына бөленді.

Референдумда мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дауыс беруіне ерекше көңіл бөлініп, барлық қажетті жағдай жасалды. Олардың референдум учаскелеріне келіп, өз таңдауын жасауына арнайы инвентар қызметі ұйымдастырылды. Атап айтқанда, көп тұрғыны Асылбек Тасқараев инвентар қызметінің көмегімен Жалағаш кентіндегі №131 референдум учаскесіне барып, дауыс берді. Сонымен қатар №129 референдум учаскесінде Орынбек Шаймағанбетов, ал №128 референдум учаскесінде Сақып Жолдыбаева өз таңдауын жасап, референдумға қатысып, азаматтық ұстанымын білдірді. Сондай-ақ денсаулық жағдайына немесе басқа да себептерге байланысты учаскеге келе алмаған азаматтардың өтініштері негізінде үйден дауыс беру ұйымдастырылды. Комиссия мүшелері арнайы барып, тұрғындардың дауыс беру құқығын жүзеге асыруына мүмкіндік жасады. Жалпы референдум барысында әрбір азаматтың дауыс беру құқығын қамтамасыз ету бағытында барлық жағдай жасалып, тұрғындардың азаматтық белсенділігі байқалды.

Еңбек ауылдық округіндегі №149 референдум учаскесінде дауыс берген тұрғындардың қатарында ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып жүрген ардақты аналар, яғни «Батыр аналар» ансамблінің мүшелері де бар. Отыз жылдан астам тарихи бар бұл өнер ұжымы ауданның мәдени өмірінде өзіндік орны қалыптасқан, көпшілікке өнеге болып жүрген бірегей ұжым ретінде танылған. Ақжаулықты аналар рефе-

рендум күні учаскеге арнайы келіп, ел болашағына қатысты маңызды саяси науқандан шет қалмай, өз таңдауын жасады. Олар мұндай маңызды сәттерде өз азаматтық дауысы мен азаматтық ұстанымын айрықша маңызға ие екенін атап өтті. Ансамбль мүшелері ел тағдырына қатысты шешім қабылданып кезінде бірлік пен татулықтың маңызы зор екенін айтып, жас ұрпаққа өнеге боларлық тілектерін білдірді. «Ел ертені үшін жасалатын әрбір игі істің түп-төріні — халықтың ынтымағы мен бірлігінде» деген ақжаулықты аналар елдің амандығы мен берекесін тілеп, игі ниеттерін жеткізді.


Сыр өңіріндегі ырысы мен ынтымағы қатар өрілген елді мекенде түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақтың баласындай тату өмір сүріп, ортақ мекеннің өркендеуіне бірге үлес қосып келеді. Бүгінде ауданда 250-ден астам өзге ұлт өкілі тұрады. Жалағаш жерінің өсіп-өркендеуіне олардың да қосқан еңбегі аз емес. Татулық тамыр жайған жерде тірлік те берекелі болатыны осыдан аңғарылады. Ел тарихындағы маңызды күнде де бұл бірлік айқын көрінді. Жалағаш кентіндегі №132 және Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі №138 референдум учаскелерінде этнос өкілдері дауыс беріп, ортақ іске өз үлестерін қосты. Кент тұрғыны Айтжан Шарипова «Бүгін еліміз үшін тарихи күн. Бұл жолғы республикалық референдумның мәні бөлек» деп халық ел болашағынан оң өзгерістер күтетінін жеткізді.

Бірлік бар жерде бөреке бар. Жалағаш жұрты осыны тағы бір мәрте дәлелдегендей. Таң ауылындағы №136 референдум учаскесінде ерекше сәт орын алды. Жаңадан некесін қиған жас жұбайлар Аспан Тұрсынбай мен Аяулым Қуанышбекқызы қуанышты күндерінде

Гүлжан ЕСЖАН

Гибрат

# Антына адал азамат



Өмірде біз бетпе-бет көрмесек те, жүздеспесек те бізге есімі мен еңбегі, үлгісі мен өнегесі, пайым-парасаты мен дара болмысы ел-халық арқылы жететін азаматтар болады. Олардың жүріп өткен жолы, ел жадындағы еңбегі мен өнегелі де өрелі істері таулардың алыстаған сайын биіктей беретіні секілді ешқашан ұмытылмайды. Жалағаш жұртына белгілі дәрігер, антына адал азамат Мейрам Жұмаділдаулы өмірде көрмесек де, мен ол кісі туралы жақсы жандардан естіп, «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген ниетте қолға қалам алдым.



Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінде бас жыл бас редактор болып, бірер жыл бұрын «Аманат» партиясының аудандық филиалына қызмет ауыстырған болатынмын. Жаңа жұмысымын алғашқы күнінде облыстық партия филиалында қызмет атқаратын Құралайым Жұмаділдаулымен танысуым сәтті түсті. Ол кадр бөлімінің жауапты маманы екен. Әр ісі тиянақты, жұмысына өте ұқыпты әрі сауатты маманның текті әулеттен шыққаны анық сезіліп тұратын. Бірде оның Жалағаш ауданына белгілі дәрігер болған, өзі өмірден өтсе де, есімі мен еңбегі көңілде жаңғырып тұрған Мейрам Жұмаділдаулының қызы екенін естідім. «Әкесі өте жақсы адам еді. Ол кісінің шаралатын жүздеген науқас сезініп, дертінен айыққан» деді бізде бір танысым.

Уақыт өте келе жалағаштың ағайын-туыстардан сұрай қалсам, Мейрам Жұмаділдаулының азаматтық болмысы, адамгершілік қасиеті, жұмысына адалдығы, жанының тазалығы туралы бірінші сөзін бірі қуаттап айта жөнелді. Содан не керек, осы кісі туралы зерттеп-зертделіп жақсы бір мақала жазғым келіп, бірақ соның бір сәті түспей жүрді: «Сәбақты іне сөзімен» дегендей, әріптестеріммен бірге іс-сапардан келе жатқанда жолы «Аманат» партиясының Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы, әріптесіміз Қаншағұл Мұстафаева ақ халатты абзал жанның бала күнінде туған інісін емдеп, жазғаны туралы әңгімелеп, айтып берді. Сол естеліктен кейін қолға қалам алып, өнегелі өмір істері туралы ізденіс жұмыстарын жүргізіп, міне, осы мақаланы Жалағаш ауданының төл басылымы, аймақтың баспасөз саласында өзіндік орны бар «Жалағаш жаршысы» газетіне жариялап отырмын.

Сырдария пен Жалағаш ауданының халқы бір-бірімен бөлі қайнасып, тонның іші бауындай болып кеткені тарихтан белгілі. Ал осы екі аудандық Ақжарма мен Аққум ауылдары – үлкен жолдың бойын қатар қоныстанған, тыныс-тіршілігі де, шаруашылығы да бір-бірімен байланысып жатқан іргелі елді мекендер. Біз мақаламызға арқау еткені отырған Мейрам Жұмаділдаулы Аққум ауылының төл тұмасы болғанымен, оның балалық шағы Ақжармада өтті.

Ол өткен гасырдың қыркыңшы жылы, яғни ауыртыпашылығы мол қиын кезеңде дүниеге келген екен. Бұл кутын-сүргін мен ашаршылықтан кейін ел есін енді ғана жия бастаған уақыт болатын. Ол кезде қараша айының жетінші жұлдызы айтулы мейрам еді, ел-жұрт «Қазан» төңкерісі күнін дүріксіз ақтап өтетін. Міне, дәл осы күні дүниеге келген сәбиді әкесі Жұмаділдаулы Әмірбайұлы мен анасы Құлзипа Есенәліқызы мейрам күні туған соң Мейрам деп атап, азан шақырып атып қояды. Бірақ осынау қуанышты сәт ұзаққа созылмайды. Бір жылдан кейін соғыс өрті тұтанып, Жұмаділдаулы Әмірбайұлы Отанымызды қорғау үшін алғашқы шақырылыммен майданға аттанады. Сөйтіп Құлзипа Есенәліқызы емізгі баласымен азаматтың тілеуін тілеп қала берді.

Өкініштісі сод 1942 жылы Жұмаділдаулының майданда қаза тапқаны туралы қаралы хабар келеді. Кейін тағдыр салған

тауқыметпен Құлзипа Есенәліқызы ұлы Мейраммен Ақжарма ауылына келіп, төркіндерін паналайды да, көп өтпей өзі де өмірден өтеді. Кейінірек Мейрам Жұмаділдаулы осылай ата-анадан тым ерте жетім қалып, қиындығы мен ауыртыпашылы мол оның өмір жолы осылай басталады.

Көзқарғандарды айтуына, ол айтқанынан қайтпайтын, қызығушылығы мол бала болып өседі. Елтілігі де, тектілігі де болмысынан анық байқалып тұрады екен. 1947 жылы облыстан басылар келіп, Ақжарма ауылы халқымен көзделіпті. Сонда «Соғыс бітті, енді бай мен көдей болып бөліну жоқ, бөрінің құқығы тең» деп үгіт жұмысы жүргізіліпті. Бала Мейрам сол кезде «Бұл рас па?» деп сұрақ қойыпты. «Рас, неге сұрадың?» дейді облыстан келген уәкіл қаршадай балаға қарап. Сонда ол «Мына малдың бөрінің егесі – менің нағашым, бірақ маған қаратып отыр» дейді ауылдың балалары көзекпен бағып жүрген сохқоздың бір отар қойын көрсетіп. Облыстан келген маман «Бұл баладан бірнәрсе шығады» деп оны өзімен бірге алып кетті.

Кейінірек Мейрам 1 май мектеп-интернатына оқуға қабылданып, оны 1957 жылы үздік бітіріп шығады. Мектеп бітірген жылы Кеңес одағының жастары секілді арман қылып, Мәскеуді бағындыруға жолға шығады. Қызыл алаңды көру, Ленинградқа бару сол кездегі әр жастың арманы болатын. Қаралайым ауылдан шыққан бозбала үшін Ленинград үлкен есер қалдырып, зор шабыт сыйлайды. Кеме жасау ісін бірінші рет көрген Мейрам Жұмаділдаулы Ленинград кеме жасау институтына оқуға түседі. Алайда екі жыл оқығаннан кейін өзінің дәрігер болғысы келетінін анық түсінеді.

Бұл 1959 жылдың жазы еді, жоғары оқу орындарында оқуға қабылдау аяқталып қойған уақыт болатын. Ол көп ойланбастан Кабардино-Балқария Республикасы Нальчик қаласындағы медицина училищесіне құжат тапсырып, талабы мен ізденісі ұштасқан шақта оқуға түседі. Белсенділігі ту өткен жас тек оқу оқып қана қоймай, қоғамдық-саяси өмірдің белсендісі болып, түрлі спорттық және мәдени іс-шараларға да қатысады. Тіпті бокстан бүкілодақтық студенттер жарысына да қатысып, чемпион атанады.

М.Жұмаділдаулы 1963 жылы осы оқу орнын үздік аяқтап, жас маман ретінде Армения Республикасы Ереван қаласына жолдама алып, қалалық жедел жәрдем мекемесінде фельдшер болып алғашқы еңбек жолын бастайды. 1964-1966 жылдары әскери борышын өтеп, әскерден кейінгі жылдары Қарағандыдағы металлургия зауытында фельдшер, Қызылбалық аудандық емханасының кеңгерушісі қызметін атқарады. 1969 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, оны 1975 жылы аяқтайды. Оқын жүріп Ақтөбе облыстық ішкі істер департаментінде фельдшер болып қызмет етеді. Студенттік шағында педагогикалық институттың студенті, болашақ жары Рысты Қылышбайқызымен танысады. Көп ұзамай екеуінің сөзі жарасып, шаңырақ құрады. Бірі дәрігер, бірі тәрбиеші болып, жас жұбайлар үлкен өмірге қадам басады.

Институтты бітіргеннен кейін жас маман Мейрам Жұмаділдаулы жолдамамен

Торғай облысына жіберіледі. Мұнда бірер ай жұмыс істеп, Арқалық қаласындағы №1 емхананың бас дәрігері қызметіне тағайындалып, Қызылордаға ағайын-туысымен қостасуға келеді. Сол кезде әкесінің інісі, соғыс ардагері Сейтен көкесі «Әй, Мейрам, біраз жылдан бері сыртта жүрсің, қай тарапта, қай талапта жүрсең де тілекшімін, бірақ ағайыннан ажырамағанды қалаймын. Өзің атадан қалған жалғыз тұяқсың, елдің, ағайынның ішінде жүргенің жөн болар» дейді.

Қазыналы қарттың сөзін етжақын бауыры Молдабек те қуаттап, білікті азаматтың туған жер төңірегінде еңбек өткені өзіне де, ағайынға да қажет екенін айтады. Бұл сөздер Мейрамның көңіліне найзағайдың жарқылындай әсер етіп, ол көп ойланбастан елге оралуға шешім қабылдайды. Қызылордаға ауысып, темір жол ауруханасына хирург болып жұмысқа орналасады. 1977-1978 жылдары Төрәнөзек ауданының Шаған ауылдық ауруханасында хирург, 1978-1979 жылдары Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігері, 1980-1996 жылдары Жалағаш аудандық орталық ауруханасының хирургия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1996-1998 жылдары Жалағаш аудандық әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорының директоры, 1998-2006 жылдары Жалағаш аудандық орталық ауруханасында онколог-хирург болып еңбек етеді. 2004 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, яғни 2010 жылға дейін Қызылорда қаласындағы №1 қалалық емханада травматолог-хирург болып бар саналы жұмырын өңір медицинасының дамуына, науқастарды емдеуге арнады.

– Мейрам Жұмаділдаулы бар ғұмырын адам өмірін сақтап қалуға, ауруы асқынған науқастардың дертіне дауа табуға арнаған ардақты азамат еді. Ол үшін дәрігерлік қызмет тек мамандық емес, жүрек қалауы, ант пен серттің асқақ шыңы болатын. Ақ халатты абзал жан ретінде талай жанның алғысын алды. Дәрігер үшін бұдан асқан бақыт жоқ. Бір сөзбен айтқанда, ол әріптестері мен қоғам алдындағы өзінің дәрігерлік те, азаматтық та міндетін толық өтеп, өшпес із қалдырды, – дейді ардақты азамат туралы әріптесі, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі Мұрат Нәрікбаев.

Пайымды пікірді ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі, Жалағаш ауданы бойынша денсаулық сақтау саласы ардагерлер кеңесінің төрайымы Аманкүл Маханбетова да қуаттап, білікті хирургтың жасаған оталарының нәтижесінде талай жан аяққа тұрып, ауруды жеңіп, дертінен құлан таза айыққанын айтады.

– Антына адал азаматтың жарқын бейнесі, еңбегі мен есімі біздің жадымызда сақтаулы. Турашыл, шынышыл, алған бетінен қайтпайтын еді. Ол өз ісіне берілген жан-жақты әрі терең білімді азамат болатын. Қиын оталарды жасағанын көзімізбен көрдік. Өз ісінің нағыз шебері еді. Сол еңбегі еленип, «Медицина саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің, «Қазақстан Республикасының құрметті дәрігері» атағының иегері атанды. Денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет» грамотасымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Сондықтан біз аймақтың

және Жалағаш ауданының денсаулық сақтау саласында Мейрам Жұмаділдаулының анықталған нормаларды дамытып, судьялардың тәуелсіздігіне кепілдіктерді бекітеді. Маңыздысы, Конституция әрбір азаматқа соттық қорғау құқығын кепілдік береді, оның ішінде сот шешімдерін заңда белгіленген тәртіппен қайта қарау мүмкіндігі бар. Сонымен бірге Конституциялық Кеңес өз құқықтық ұстанымдарында бұл құқық абсолютті емес екенін және заңмен белгіленген процедуралар мен шарттар шеңберінде жүзеге асырылатын бірнеше рет атап өткен. Құқықтың болуы талаптардың автоматты қанағаттандырылатынын немесе шешімнің қайта қаралатынын білдірмейді, яғни сот дәл заң мен белгіленген процессуалдық ережелер шеңберінде дәлелдерді бағалайды.

Яғни сот актілерін қайта қарау тек процессуалдық кодекстерде қарастырылған механизмдер арқылы жүзеге асырылады және тек соттармен орындалады.

Процессуалдық кодекстер келесі апелляциялық формаларды қарастырады:

- апелляциялық шағым: шешім заңды күшіне енбей тұрып істі мән-жайына қарай қайта қарау (ГПК 52-53-тарау; АПК 25-27-тарау; УПК 48-49-тарау);
- кассациялық шағым: күшіне енген актілердің заңдылығын тексеру және елестіру бұзушылықтарды жою (ГПК 54-тарау; АПК 169, 169-1-баптар; УПК 52-тарау);
- жаңа немесе қайта ашылған мән-жайларға байланысты қайта қарау, егер бұрын объективті түрде белгісіз фактілер пайда болса (ГПК 55-тарау; АПК 170-бап; УПК 53-тарау).

Прокуратураның осы жүйедегі рөлі де нақты анықталған. Прокурор протест білдіруге құқылы, бірақ сот шешімін өз бетінше өзгерте алмайды.

Осыған байланысты, әділет органдарының қызметкерлері бірінші алгоритмді сақтау маңызды. Азаматтың өтінішіне жауап бергенде мемлекеттік органдардың сотқа араласу құқығы жоқ екенін, сот актісін бағалай алмайтынын «қарастыруды», «сөз етуді» немесе «шара қолдануды» сұрап сотқа жолдамаларды жіберу алмайтынын түсіндіру қажет. Оның орнына апелляциялық немесе кассациялық инстанцияға шағым беру тәртібі, мерзімі және процессуалдық мүмкіндіктерді түсіндіру керек, азаматқа қолжетімді механизмдерді көрсетіп, өз құқықтарын шешуге шықпай көмек көрсету қажет.

Қабылдауларда туындайтын типтік сұрақтар әдетте сот шешімін жою, істі қайта қарау немесе «жағдайды судьяға түсіндіру» мүмкіндігіне қатысты болады. Мұндай жағдайларда сот актілерін қайта қарау мәселелері тек сотпен және тек процессуалдық формада шешілетін түсіндіру қажет.

Ең бастысы, әділет органдары осы бағытта жүйелі құқықтық-түсінідіру жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

Соттың тәуелсіздігі – билік ұйымдастыру принципі ғана емес, сонымен қатар азаматтың құқықтары сотқа қорғауды кепілі. Конституциялық Кеңес тімділі нақты қорғау тек әділет соттан тыс ықпалдан еркін болған жағдайда мүмкін екенін бірнеше рет атап өтті. Азаматтарға конституциялық принциптер мен процессуалдық механизмдерді түсіндіру арқылы әділет органдары сот жүйесін дұрыс түсінуге көмектеседі, негізсіз үміттер санын азайтады және заңмен қарастырылған қорғау тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Әділет органдарының қызметкерлеріне азаматтарға соттардың тәуелсіздігін конституциялық негіздерін, сот актілерін апелляциялықтардың заңда белгіленген тәртібін және мемлекеттік органдардың құзыреті шегін түсіндіруді жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйенуге кеңес беріледі.

Бірізді ұстаным қолдану азаматтарды заңда қарастырылған қорғау механизмдерінде дұрыс бағдарлауға, түсіндіру тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге және халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

Қызылорда облысы Әділет департаменті

## Жемқорлықсыз болашақ: арман ба, міндет пе?

Қазіргі таңда еліміздің дамуына экономикамыздың өркендеуіне кедергі келтіріп отырған үлкен кеселдің бірі – сыбайлас жемқорлық. Оны «қоғамның тамырына түскен құрт» деп жататын. Бұл менше үніліп қарасат, теңеудің жаны бар, құрт ағашты ішінке кеміріп құлатса, жемқорлық мемлекеттің іргетасын дәл солай құлдыратады.

Әділетсіздік қайдан басталады?

Жемқорлық тек қана ақшаны иемдену емес. Бұл – алдымен әділетсіздік. Білімі мен қабілеті бар маманның емес, «танасы бар» адамның жолы болуы қоғамдағы сенімге селкеу түсіреді. Саласыз салынған жол, дұрыс жабдықталмаған мектеп немесе аурухананың артында бір-реудің қалтасына кеткен мемлекет қаржысы тұр.

Халқымыз ежелден «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп әділдікті бөрінен биік қойған. Біз осы қағиданы ұмытпауымыз керек.

Жемқорлықпен тек қана заң арқылы күресу мүмкін емес. Бұл мәселені шешу үшін үш маңызды қадам қажет. Цифрландыру және ашықтық. Мемлекеттік қызметтер адамның қатысуынсыз, онлайн форматта көрсетілуі тиіс. Көзбен көріп, қолмен бермеген жерде параға орын қалмайды.

Нелдік тәзімділік. Біз кішігірім заң бұзушылыққа (мысалы, жол ережесін бұзып, «бармақ басты, көз қыстымын» шешуге) көз жұмбауымыз керек.

Сананың жаңаруы. Ең бастысы, адамның ішкі мәдениеті. «Пара бермеу – азаматтық борышымыз» деген ұстаным өркімінің санасында болуы шарт. Бір өзінен басталады. Жемқорлықты жеңу үшін бізге сырттан келіп ешкім көмектеспейді. Ол үшін қоғам болып бірігіміз керек. Егер біз бүгін «бұл менің шаруам емес» деп үнсіз қалсақ, ертең балаларымыз әділетсіз қоғамда өмір сүреді.

Адалдық – ардың ісі. Біз жемқорлықты жеңгенде ғана дамыға, қуатты мемлекетке айналмамыз. Еңдеше таза болашақты бүгінгімізден бастайық.

Г. ТАУЫПБАЕВ,  
Мырзабай ауыл аумақтық округі әкімі

Акция

## Дерттің алдын алу жайы пысықталды

Еліміздің фтизиопульмонология қызметін дамытудың 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру мақсатында ҚРО Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы 24 ақпан мен 24 наурыз аралығын дүниежүзілік туберкулезбен күрес айлығы деп жариялады. Осы ретте туберкулездің алдын алу мақсатында Аламесек елді мекенінде «Ие, біз туберкулезді жеңеміз! Қазақстанның көшбасшылығымен, инновация және халықтың күшімен!» атты ұранда акция өтті. Аталған акция салааралық бағытта ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты туберкулездің жеке және қоғамдық алдын алу шаралары, оның алғашқы белгілері, жұқтыру қаупі мен ауыр салдары туралы халықты ақпараттандыру, өз денсаулығына жауапты болуға үйрету болып табылады. Акция барысында тақырыптық лозунг ілініп, концерттік бағдарлама қойылды.

Акцияға облыстық фтизиопульмонология орталығының жауапты дәрігері Маргарита Шарипова, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау

басқармасының бас маманы Света Елтайқызы, аудандық аурухананың физиятр дәрігері Райкүл Ахметова, аудандық жастар денсаулығы кабинетінің дәрігері Ақбота Алмасқызы, психолог маман Айдана Мұзарақызы, ЖТД Еркебұлан Русланұлы мен мектеп медбикесі мен химизатор т.б мамандар қатысып, алдын алу жөнінде дәріс оқып, ұнпарақтар тарапты.

– Жалпы елімізде жыл сайын мұндай шаралар жиі ұйымдастырылады. Олай болуы да заңдылық, өйткені дәл осындай шаралар арқылы біз дерттің алдын алуға жол ашамыз. Осындай игі шара ауданымызда, оның ішінде шалғайдағы Аламесек ауылдық округінде өтуде. Жалпы тек дәрігерлер ғана емес, қарапайым халық та көз келген дертін алдын алуға болатынын түсінуі керек. Сонда ғана біз көз келген мәселенің алдын аламыз, бүгінгі акцияның мақсаты да осы, – деді аудандық жастар денсаулығы кабинетінің дәрігері Ақбота Алмасқызы.

«ЖЖ» ақпарат



Мәселе

# Тойдағы тәртіпті кім қадағалайды?

«Жиған-тергенің тойға шашылсын» деген нақылды тура түсініп жүрміз-ау шамасы. Адам туғаннан еңкейгенге дейін шамамен 15-20 той жасалады деген дерек бар. Бұл қазақ қоғамында тойдың орны ерекше екенін аңғартады. Карантин кезінде той жасауға қойылған шектеулер бір уақытта ой салғандай болған. Шағын әрі мағыналы той өткізудің де мүмкін екенін көрдік. Уақыт өте келе тойдағы бұрынғы даңғаз көріністер қайта байқала бастағанын мүмкін сіз де аңғарған боларсыз. Әсіресе тәртіпке келмейтін ойындар мен орынсыз әзілдер жиіленгендей. «Мұндай жағдайлар тойдың мәнін төмендетіп жатқан жоқ па?» деген сұрақ туындайды. Өйткені той тек көңіл көтеру ғана емес, жас ұрпаққа үлгі болатын ортаға айналса игі.



Уақыт зулап, ақпараттың ағылып, адамзаттың таңы қарбаласпен атып, жұрт күйбең тірліктің соңында кеш бағырып жүргені өтпек емес. Ескі алдында күнде көрсетін «Құдайы көршіңді» де көшеден кезіктіріп қалмасан, арнайылап сәлем бере кіретін көздер көлмеске кеткендей. Құрсақтас бауырының өзімен құрылғымен байланысып, ауыл ішінде тұрып ағайынның ажарын үлкен тойларда ғана көріп қаламыз. Өйткені заман сондай, уақыт өз талабын қоятыны тағы бар. Десе де дүние есігін ашқаннан думандатқан ел үшін жиынсыз өмірін елестете мүмкін емес. Той десе қу басы домалатын тек қазақ қана болмай шықты. Көптеген халықта қуанышты көпшілікпен бөлісу дәстүрі ежелден қалыптасқан.

## Әлемдік тәжірибедегі той дәстүрі

Өзбек пен қырғыз халықтары тойды көң көлемде, көп қонақ шақырып өткізеді. Түрік жұртында үйлену тойының алдында қына түті өткізіледі. Үндістанда үйлену тойы ең ауқымды әрі ұзаққа созылатын мерекелердің бірі саналады. Той бірнеше күнге жалғасып, мехенди, санжит сияқты түрлі рәсімдер өткізіледі. Ал қонақ саны кейде мың адамға дейін жететін көрінеді. Қытайда тойдың басты белгісі қызыл түс болып есептеледі. Ол бақыт пен берекенің нышаны ретінде қабылданады, ал үйлену тойында жас жұбайлар ата аналарына шай ұсынып, құрмет көрсететін арнайы рәсім жасалады.

Жапон елінде үйлену тойы көбіне синто дәстүрімен біріктендіріледі. Жас жұбайлар арнайы рәсімде сәкі ішіп, отбасы бірлігін білдіретін дәстүрді орындайды. Германияда үйлену алдында қонақтар ыдыс аяқ сұндырып, жас жұбайлар оны бірге жинайды. Бұл олардың өмірдегі қиындықтарды бірге жеңетінін білдіретін символикалық әрекет. Италияда үйлену тойында қонақтарға «конфетті» деп аталатын бадам қосылған тәттілер таратады. Ол бақыт пен ұзақ өмірдің белгісі саналады. Ал Нигерияда тойлар өте жарқын әрі сән-салтанатпен өтеді. Қонақтар ұлттық киім киіп, би билеп, бірнеше күн бойы мерекені атап өтеді. Мексикада үйлену тойы көбіне шіркеудегі неке жиі рәсімінен басталып, кейін үлкен мерекелік кешке ұласады. Онда ұлттық музыка орындалып, қонақтар таңға дейін би билеп, көңіл көтереді.

Еуропа елдерінің көпшілігінде той көбіне шіркеуде өтіп, кейін мерекелік басқосуға ұласады. Тамақтану, билеу, достармен араласу, сондай-ақ шағын «коктейль-кеш» түрінде өтетін бұл шаралар қазақ тойына қарағанда аз адаммен өтетін рәсім. Қонақтар саны әдетте 30-100 адамға дейін, тек жақын достар мен туыстар шақырылады. Арнайы асаба жалдап та шығындалады, көбіне диджей музыка қойып, қонақтардың өзара еркін сөйлесуіне басымдық береді. Жалпы алғанда, өлем халықтарының әрқайсысы тойды өз мәдениетіне сай өткізеді. Иә, мәдениетіне сай, ал бізде бұл үгім қаншалықты сақталды?

## Қазақтың тойы қайда бет алды?

Халқымыз ежелден тойды тек көңіл көтерудің құралы емес, ұлттың тәрбиесі мен рухани құндылықтарын таныту деп қабылдады. Көпшілік өмір сүрген халықтың салты мен дәстүрі көбіне осындай басқосуда дамып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Соңғы кездері тойдың сипаты өзгеріп, кей жағдайда оның мәнінен сыртқы сән-салтанатты алдыңғы орынға шығып бара жатқаны байқалады. Бұрынғы тойлар қарапайым, шынайы қуанышқа толы болатын. Қол көмекпен қазаны көтеріліп, ошақта бауырсағы қызарады. Дастарқанның молдығын көңілдің кеңдігі жоғары бағаланған екен ғой.

Бүгінде жағдай біршама өзгеріп бастаған. Қазіргі тойлар үлкен мейрамханаларда, жүздеген адам жиналатын салтанатты залдарда өтеді. Сценарий

күрделі, безендірілуі қымбат, түрлі шоу элементтері қосылған думандар көбейген. Тіпті кейбір мейрамханаларда ерекше көріністер ұйымдастырылып, тойға сыртқы әсер беруге барын салатындар жоқ емес. Сонымен қатар соңғы жылдары ұлттық дәстүрлердің мәнін түсінбей, оған түрлі жаңалықтар енгізу үрдісі де байқалады. Кейбір рәсімдердің бастапқы мағынасы өзгеріп, халық арасында әртүрлі түсініктер тарауда. Мамандар мұндай құбылыстар ұлттық мәдениеттің бұрмалануына алып келуі мүмкін екенін айтады. Өйткені салт-дәстүр – халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесінен қалыптасқан рухани мұра.

Оны былай қойғанда, кейбір тойларда арзан әзілдер, орынсыз ойындар байқалып жатады. Мұндай көріністер тойдың тәрбиелік мәнін төмендетуі мүмкін. Сондықтан той жүргізетін асабалардың да мәдениеті мен жауапкершілігі жоғары болуы қажет. Асаба тек көңіл көтеруші ғана емес, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тұлға болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі қоғамда той мәдениетіне жаңаша көзқарас қажет. Ұлттық дәстүрдің мәнін сақтай отырып, ысырапшылық пен жасандылықтан арылу маңызды. Сонда ғана той өзінің бастапқы мәнін жоғалтпай, халықтың рухани болмысын көрсететін мәдени құбылыс ретінде сақталса.

## Көрші елдер қалай реттеді?

Қазіргі таңда қазақ тойларының тым даңғазалыққа, ысырапшылыққа айналдып бара жатқаны қоғамда жиі талқыланатын жүйрік. Бұл құбылысты түсіну үшін көрші елдердің тәжірибесіне де назар аударып көрдік. Мәселен, Өзбекстанда 2020 жылдан бастап той өткізуге қатаң шектеулер енгізілді. Ел билігі халықтың артық шығынға батпауын көздеп, арнайы заң қабылдады. Бұл талаптар сәйкес тойға 300 адамнан артық қонақ шақыруға болмайды. Тойдың ұзақтығы 3 сағаттан аспауы тиіс. Музыкалық бағдарламада бір ғана топ өнер көрсетеді. Үйлену кортежін үш көлікпен артық қатыстыруға қатаң тегінделі. Сонымен қатар қымбат сыйлықтар таратуға және бірнеше күнге созылатын той жасауға тыйым салынған. Өзбек билігі бұл шешімді халықтың әлеуметтік жағдайын ескере отырып қабылдады. Себебі көптеген отбасы той жасау үшін несиесі алып, кейін қарызға бұтып жатқаны анықталған. Нәтижесінде мұндай шектеулер той мәдениетін реттеп, ысырапшылықты азайтуға да оң ықпал етті.

Қырғызстанда да соңғы жылдары той өткізу мәдениетіне қатысты өзгерістер байқалады. Жоғары Кеңес депутаттары той мен басқа да салтанатты жиындарға қатысты шектеулер енгізу туралы заң жобасын талқылап жатыр. Заң жобасына сәйкес тойға 250 адамнан артық қонақ шақыруға болмайды. Той дастарқанына бір ғана сиыр немесе бір жылқы союға рұқсат етіледі. Қыз ұзатуға 100 адамнан аспайтын қонақ шақыру ұсынылған. Егер қыз ұзату мен үйлену тойы бірге өткізілсе, бір сиыр немесе бір жылқы сойып, 350 адамнан артық шақырмау қарастырылған. Сонымен қатар үйлену кортежіндегі көлік саны үштен аспауы тиіс.

Бұл құжатта жаназа рәсімдеріне қатысты да өзгерістер қарастырылған. Жерлеу кезінде ірі қара немесе жылқы союға рұқсат берілмейді. Марқұмды жерленгеннен кейін үш күн өткен соң ғана бір жылқы немесе ірі қара мал сойып аса беруге болады. Ал үш күндік, жеті күндік, қырық күндік және жылдық аса өткізуге тыйым салу ұсынылған. Заң талаптарын бұзған жағдайда той иесіне 300 мың сом, ал мекеме иесіне 100 мың сом айыппұл салу көзделген. Мұндай шаралар азаматтардың салт-дәстүр мен түрлі жиындарды өткізуде орын алатын артық шығынды азайтуға бағытталған.

Бұл бағыттағы заңнамалық тәжірибе тек Қырғызстанда ғана емес, Тәжікстанда мұндай заң 2007 жылдан бері жұмыс істеп

келеді, ал Өзбекстанда 2019 жылдан бастап қолданысқа енгізілген яғни бұл елдерде той мен аса өткізу мәдениеті белгілі бір деңгейде мемлекет тарапынан реттеледі.

Түрік қоғамында тойлар ұлттық дәстүрге сай өтеді, алайда олардың ерекшелігі, шамадан тыс ысырапшылықтың болмауы. Қонақ саны әдетте шектеулі болады, көбіне жақын туыстар мен достар шақырылады. Той шығынын азайту үшін қонақтар жас жұбайларға ақшалай сыйлық немесе алтын бұйымдар сыйлайды. Бұл – жаңа құрылған отбасының материалдық жағдайына қолдау көрсету мақсатында қалыптасқан дәстүр. Түрік қоғамында қымбат той жасаудан жас отбасының болашағына жағдай жасау маңыздырақ деп саналады.

Осы мысалдарға қарағанда көптеген ел той мәдениетін белгілі бір деңгейде реттеуге ұмтылып отырғаны байқалады. Ал қазақ қоғамындағы жағдай қандай? Қазақ халқының той жасау дәстүрі қасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра екені анық. Дегенмен бүгінгі тойлардың көпшілігі шектен тыс шығынмен өтетіні жасырын емес. Қонақ саны кейде 300-500 адамнан асып кетеді. Дастарханға шамадан тыс тағам қойылып, оның біразы ысырап болады. Тойға шақырылатын әрістер мен түрлі шоу бағдарламаларға миллиондаған теңге жұмсалады. Кейбір отбасылар той жасау үшін несиесі алып, кейін оны ұзақ уақыт бойы өтеуге мәжбүр болады.

Бұрынғы қазақ тойларының басты ерекшелігі, оның рухани мазмұнында еді. Үлкендер батасын беріп, жастарға ақыл-кеңес айтып, той шынайы қуанышты ортасына айналған. Ал бүгінгі тойларда сол рухани мазмұн сақталып отыр ма? Әлде той бірінше сән-салтанат жарысына, бизнеске айналды ба ма?

## Қоғамның көзқарасы қандай?

Бұл мәселе қазірге дейін Қазақстанда да көтеріліп келеді. Депутаттар той мәдениетіне қатысты заң жобасын әзірлегенімен, ол елі де талқылау кезінде. «Бұл мәселені міндетті түрде арнайы заңмен ретлеу қажет пе?» деген ой келеді. Әлде екімішлік құқық бұзушылыққа қатысты қолданыстағы жауапкершілік тетіктері жеткілікті ме? Тойдағы тәртіп, әдел пен мәдениет айналып келгенде ең алдымен қоғамның өз талғамы мен жауапкершілігіне байланысты.

Дегенмен бүгінгі тойдың сипатына көз салғанда белгілі бір талаптың қажеттілігі нақ сезілетіндей. Әсіресе асабалық өнердің деңгейі туралы еңгіме жиі айтылады. Бір қарағанда, асаба жай ғана той жүргізуді сияқты көрінуі мүмкін. Шын мәнінде ол – көпшілік алдында сөз ұстайтын халықтың көңіл күйін реттеп қана қоймай, тойдың мазмұны мен мәдени бағытын айқындайтын тұлға. Сондықтан асабалық арнайы дайындықтан өтіп, кейбір деңгейін көтеруі қажет.

Өйткені бүгінде той жүргізетін адамдардың қызмет ақысы да әртүрлі. Кейбір асабалар қызметін 15 мың теңгеден бастаса, танымал жүргізушілердің ақысы миллион теңгеге дейін жетеді. Тіпті одан бірнеше есе көп. Мұндай жағдайда «қызмет құны артық сабын жауапкершілік те жоғары болуы тиіс. Себебі той сахнасы – жай ғана ойын алаңы емес, ұлттық мәдениеттің көрінісі. Онда айтылған әр сөз, әр әзіл көпшілікке әсер етеді.

Екі ұштың біріне қарап, ащы суға сылқия тойған адамның қалыңдығы ерекшесіне кім келіпті берсе алады? Той өнеріне талапты төңкере салсақ, адамдық өділеттілігімізге де сын секілді. Кейде сахнадағы бишілердің киімі де, орындалатын бағдарламалар да ұлттық болмысқа қаншалықты сай келеді деген ой туындайды. Өйткені той – жай ғана ойын-сауықтан белек ұлт мәдениетінің айнасы. Айыппұлды арқақтағаннан мәселесі шешілсе, той төңірегіндегі талқылау әлдеқашан тоқтар еді.

Гүлжан БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ,  
(фото ашық дереккезден)



# Ұлттық құндылықтар ұлықталды

Кең байтақ далада өмір сүрген ата-бабаларымыз қиын-қыстау кезеңде бір-біріне демеу болып, қамқорлықты өмір салтына айналдырған. Өткенге көз жүгіртсек, халқымыздың бірлігі мен жанашырлығы талай сын сағатта айқын көрінген. «Асар» дәстүрі арқылы ауыл болып жұмылып үй салу, астық жинау, ауыр тірлікті бірге атқару ел арасындағы бауырмалдықтың жарқын көрінісі еді. Жетім-жесірді жылатпай, жоқ-жітікке жәрдем беру, жолаушыға дәм ұсынып, қонақжайлық таныту қазақ қоғамында қайырымдылықтың биік деңгейде болғанын көрсетіп қойған.

Осындай ізгі дәстүрлер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан қасиет бала кезден тәрбиемен, күнделікті өмірдің қарапайым көріністері арқылы сіңірілген бе дейсің. Кішкентай балаға қозы-лақ, бұзау, құлын сияқты төлдерді бағып-қағуды тапсырып, жануарға жанашыр болуды үйреткен. Жетім қалған төлді қолдан сүт беріп өсірген бала мейірім мен жауапкершіліктің мәнін ерте түсінген.

Қазақтың ортада ешкім жалғыз қалмаған. Ауылға жаңа көшіп келген отбасыға көшілер ерулік беріп, аса апарып, шаруасына көмектескен. Біреудің басына қиындық түссе, ел болып жылу жинап, қолындағысымен бөліскен. Қонақжай дархандық та қайырымдылықтың бір белгісі еді. Қонақшы келсе, танымаса да үйіне түсіріп, аса беріп, тынықтырып жіберген. Үйде жоқ адамға арнайы сыбаға сақтап, «оның несібесі бар» деп құрметтеген.

Осындай дәстүрлер арқылы қазақ қоғамында мейірім, жомарттық, бауырмалдық беріп қалыптасты. Сондықтан халқымыз қай уақытта да бір-біріне сүйеніш болып, кең жүрек пен қайырымдылықтың жарқын үлгісін көрсете білді. Аудан тұрғындары да мереке қарсаңында бабадан қалған игі дәстүрді жалғастырып, қайырымдылықтың жарқын үлгісін көрсетті. Ата-бабамыздан мирас болған кең пейіл мен бауырмалдықты сақтаған ел азаматтары мұқтаж жандарға қол ұшын созып, игі іске берік кісідей жұмылды. Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мейірім мен адамгершіліктің, халқымыздың жүрегінде әлі де берік сақталған асыл қасиеттің айқын көрінісі.

Гүлжан ЕСЖАН  
БАСЫ 1-BETTE

# «Заң мен Тәртіп» – қауіпсіз қоғам кепілі

Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» аударандық жүзеге асыру аясында Жалағаш аудандық прокуратурасының бастамасымен құқық бұзушылықтардың, оның ішінде алкогольдік масаң күйде жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында уәкілетті органдар бірлескен жұмыстар жүргізді. Осы бағытта ауыл тұрғындары арасында ауыл болып алкогольден бас тарту жөнінде сауалнама ұйымдастырылды. Аталған сауалнаманың негізгі мақсаты – қоғамдық тәртіпті нығайту, ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Қазақстанда ішімдіктен бас тартқан ауылдар саны жыл өткен сайын артып келеді. Былтыр республика бойынша 400-ден астам елді мекен маскүнемдікке қарсы қозғалысқа қосылған. ІІМ мәліметінше, соңғы үш жылда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты арыз-шағымдар саны 35 пайызға азайған. Сонымен бірге отбасылық-тұрмыстық қылмыстар саны 34,9 пайызға қысқарған. «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында әлі де кең көлемде жұмыстар атқарылууда.

Аудан тыныштығы – ел болып жұмылатын шаруа. Тәртіпке бағынған құл болмайды. Соңғы уақыттары еліміздегі құқық бұзушылықтың сипаты саналуан болғанмен олардың санатында масаң күйде жасалатын өрескел әрекеттер жоқ деп айта алмаймыз. Иілікті бастама ұлт саулығына селқос қарамаумен бірге тәрбиенің өзегін нығайтатын маңызды қадам болып тұр. Жүйелі түрде атқарылған жұмыстар мен түсіндірме жұмыстар негізінде ауылдық округте, тарқатып айтсақ, Аққыр, Жаңадария және Бұқарбай батыр ауылдық округтері «Алкогольсіз ауыл» ретінде жарияланды. Нәтижесінде Жалағаш ауданына қарасты 14 ауылдық округтің 12-сі, яғни 85,71 пайыз алкогольден толық бас тартқан ауылдар қатарына қосылды.

Бұл бастама қоғамдағы қауіпсіздік пен тәртіпті нығайтуға, сондай-ақ тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Басты ұстаным – отбасылық береке мен тыныштықты нығайту. Қазір осы ауылдардағы орта мектептерде, мәдениет үйлерінде алкогольдің зияны жайлы жиі айтылып та жұр, мазмұнды кездесулер де ұйымдастырылады. Соның септігі де тиюде, ел ішіндегі той-мерекелерді ішімдіксіз өткізу біртіндеп дәстүрге айналып келеді. Бүгін елді бір ауызбен тиятын ауыл асқалдары бар ауыл адалдайды. Азындық атаулының бастауына осы кезден тосқауыл қойылса, болашақ ұлтын жасалған мардымды істің шапараты да мол болмақ.

«ЖЖ» ақпарат

Газеттің келесі саны 22 наурыз, жексенбі күні шығады

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның **сейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №448